

Әлеуметтік көмек алу үшін мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын және қажетті құжаттардың тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті аудандық мәслихатының 2012 жылғы 12 шілдедегі N 5-3/2) шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 30 шілдеде N 2620 болып тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы N 24-4/2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті аудандық мәслихатының 27.05.2014 N 24-4/2 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Көкпекті аудандық мәслихатының 01.03.2013 № 11-3/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 5, 6, 7, 8, 9 баптарына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 2-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» № 394 қаулысының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес Көкпекті аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Әлеуметтік көмек көрсету үшін отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы күнтізбелік жылға белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен жеке тұлғалардың мынадай санаттары айқындалсын:

1) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары және соларға теңестірілген адамдар;

2) 1, 2 және 3 топтағы мүгедектер (өздері жасаған қылмыс салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда);

- 3) мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасылар;
- 4) әлеуметтік маңызды аурулары бар азаматтар: онкологиялық аурулар және туберкулездің әртүрлі түрлері;
- 5) жасына байланысты демалысқа шыққан зейнеткерлер;
- 6) жетім балалар және жиырма үш жасқа толмаған ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ата-анасынан кәмелеттік жасқа жетпей айырылғандар;
- 7) оралмандар;
- 8) экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар;
- 9) көп балалы отбасылар;
- 10) толық емес отбасылар.

2. Әлеуметтік көмекті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі айқындалсын:

- 1) әлеуметтік көмек көрсету туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат;
- 3) алынып тасталды - Көкпекті аудандық мәслихатының 10.06.2013 N 14-5/1 шешімімен ;

4) азаматтарды тіркеу кітабы немесе тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат ;

5) отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер;

6) өтініш берушінің мәртебесін растайтын құжат;

7) тиісті уәкілетті орган беретін төтенше жағдайдың болғанын растайтын акт немесе құжат ;

8) емделуге нақты қаржылық шығынды немесе алдағы қаржылық шығынды растайтын құжаттар (шот-калькуляция, шот-фактура, ауырғаны туралы анықтама , түбіртек), немесе өмірлік көрсеткіштері бойынша емделуге денсаулық сақтау органдарының жолдамасы .

Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқада және көшірмелері ұсынылады, кейін құжаттардың түпнұсқалары тұтынушыға қайтарылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - Көкпекті аудандық мәслихатының 10.06.2013 N 14-5/1 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

мәслихатының хатшысы

Е. Сихварт

Көкпекті

Р. Беспаяев

аудандық

